

Ойыл

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРАЛІГІ ӨКІЛДЕРІ БІЗДІҢ АУДАНҒА КЕЛДІ



«Өзен жағалағанның өзегі талмайды» - деген қағидаға сүйенсе керек, Ойыл ауданының барлық ауылдары дерлік өзендерді сағалап қоныстанған. Ағын су адамға да, малға да тіршілік көзі болғанымен одан келер қауіп те жоқ емес. «Тілсіз жаудың» бірі болатыны да сондықтан. Бір кездері үзіле жаздап үмітті жалғаған Ойыл

соңғы жылдары арнасынан асып, айналасына қауіп төндірді. Абырой болғанда стихиялық апаттарға жол берілген жоқ. Дегенмен, «бейқамның жауы қасында» дегендей, биыл да ылғалдың молдығыөтек-жеңді ертерек жинақтауға итермелеп отыр. Өткен жексенбі күні Төтенше жағдайлар министрлігі

өкілдері ауданның азаматтық қорғаныс қызметтерінің көктемгі су тасқынына қарсы дайындығын тексеру үшін Ойылға іссапармен келді. Іссапар басында ТЖМ өкілдері Қаратал және Екпестал ауылдарында су тасқынына қарсы тұрғызылған бөгеттермен танысты. Кейін аудан орталығында азаматтық қорғаныс қызмет-

терінің жеке құрамы сапқа тұрғызылып су тасқынына қарсы дайындығымен танысып, қызметтердің су тасқынына қарсы құралдары және техникаларының дайындығын тексерді. Түскі астан кейін Азаматтық қорғаныс қызметтерінің құжаттары тексеріліп, қызмет басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БАЯНДАНЫП, АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӨКІМДІГІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ МАРАТ АРЫСТАНОВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН ОТЫРЫСҚА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН БІРҚАТАР БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Отырысқа аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мәслихаттың хатшысы Сәкен Займолдин, аудан әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы қатысып, күн тәртібінде Қоғамдық Кеңестің қарауына төрт мәселе ұсынылды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Мемлекеттік көрсетілген қызметтер басқармасының 2023 жылғы атқарған жұмыстары және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы проблемалық мәселелер» жайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Департаментінің бас маманы Мейірман Шманов тоқталып өтсе, аудан әкімі Асқар Қайыргалиұлы өткен жыл ішінде атқарылған жұмыстардың жайын баяндап, алдағы жоспарларымен таныстырды. Күн тәртібіндегі үшінші мәсе-


ле бойынша аудандық мәслихаттың 2023 жылға атқарған жұмыстары туралы аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин баяндамасында еліміздің өркендеуі жолында облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттар Ата заңымызды, Президентіміздің стратегиялық даму бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, жұмыс істеп келе жатқандығына кеңірек тоқталды.

Одан кейін жер қатынастар бөлімінің басшысы Маулен Төремұратов «Жер қатынастары саласында көрсетілген мемлекеттік қызметтер» туралы хабарлама жасады. Баяндамаларды мұқият тыңдаған қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар сауалдарын қойып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің кейбір тұстарын талқылай келе ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АУЫЛҒА БАРАТЫН ДӘРІГЕРЛЕРГЕ 8,5 МЛН. ТЕҢГЕ БІРЖОЛҒЫ КӨТЕРМЕАҚЫ БЕРІЛЕДІ

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ЕКІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚАБЫЛДАДЫ.



Заңға сәйкес, енді ауылға жұмыс істеу үшін баратын медицина қызметкерлеріне 100 ең төменгі жалақы мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем беріледі. Мәжіліс депутаты, әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, бұл норма медицина кадрларын ынталандыру және ауылдағы кадр тапшылығын жою үшін қабылданып отыр. «Бұған дейін біз ауылға баратын жас дәрігерлерге біржолғы көтерме ақы береміз деп айтқан едік. Қазір біз сол уәдемізді орындап отырмыз.

Бүгін заң қабылданды. Енді ауылға барған медицина саласында істейтін жас маман біржолғы 100 ең төменгі жалақы мөлшерінде (8,5 млн теңге – Sputnik) көтерме ақы алады», – деді Аймағамбетов мәжіліс кұлуарында журналистердің сұрағына жауап беріп. Депутат бұл көтерме ақы қолданыстағы әлеуметтік көмектерге қосымша енгізіліп отырғанын атап өтті.

«Қазір «Дипломмен ауылға» бағдарламасы және тағы басқа көтерме ақы бар, оны ешкім алып тастаған жоқ. Сол көтерме ақының үстіне біз тағы бір жаңа көтерме ақыны

енгізіп отырмыз. Медицина саласында істейтін мамандарды қолдау үшін, ауылдағы медицинаны дамыту үшін, ауылдағы кадр тапшылығын шешу үшін 100 ең төменгі жалақыға тең көмек береміз. Биыл оның мөлшері 9 миллион теңгеге жуықтайды», – деді мәжілісмен.

Аймағамбетовтің айтуынша, ауылға баратын дәрігерлердің еңбек өтілі ескерілмейді. Олар тек көтерме ақыны алғаннан кейін бес жыл сол ауылда жұмыс істеуге міндеттеледі.

Айта кетері, биылдан бастап елімізде ең төменгі жалақы 85 мың теңгені құрайды.

«ЖАРҒЫН ЖАСТЫҚ - БАҒАНЫ БОЛАШАҚ!»

Аудандық жастар ресурстық орталығы жылдың басында студенттердің қысқы демалыс уақытын пайдаланып ауыл жастарымен және студенттермен кездесті. Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінен басталған кездесу барлық ауылдық округтерде жалғасып, аудан басында Ж.Жүсімалиев атындағы қазақ орта мектебінде, Ойыл аграрлық колледжінде аяқталды.

Студенттермен кездесу кешіне аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізгарина, аудандық мәдениет үйінің директоры Сансызбай Нұржанов, орталықтың мамандары, мектеп оқушыларымен студенттер қатысты. Өмірде «бір кірпіш болып қалануды» мақсат тұтқан студенттер кейінгі ізбасарларына үлгі-өнеге болуға тырысады. Кездесуде студенттерге ауыл жастары тарапынан сұрақтар қойылып, студенттік өмір туралы қызықты бейнеролик көрсетілді. Жастар үшін қызықты тренингтер, ойындар ұйымдастырылды. Ал, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары кешті одан әрі әсем әнмен әрлеп, қыздыра түсті. Кеш соңы ауыл жастарының би кешімен жалғасын тапты.

«Жастар арасындағы мәдениет деңгейін анықтау үшін олардың бос уақытты қалай өткізетінін зерттеу керек. Бос уақыт жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Жастар өзінің қажеттіліктері мен құндылық бағдарына қарай бос уақытты өткізудің алуан түрін таңдайды. Міне ауыл жастары арасында достық қарым - қа-



тынас пен байланыс орнату мақсатында Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының жылдық жоспарына сәйкес, аудандық мәдениет үйінің сабақтас жоспары негізінде бірлескен түрде, барлық ауылдық округтерде ауыл жастарының бос уақыттарын тиімді пайдалануға бағытталған іс-шара, яғни студенттердің қысқы демалыс уақытына сәйкес, студенттермен және ауыл жастарымен кездесулер өткізілді. 21 ғасырдың жаңашыл жастары Жаңа Қазақстан қалыптастыруға жаңаша біліммен келетіндеріне көзіміз жетті. Ойыл ауданы бойынша жеті ауылдық округ бар. Барлық ауылдық округте халықтың 30-40 пайызын жастар құрайды. Міне, сондықтан да әртүрлі әлеуметтік жағдайдағы жастар мекендейді. Бір байқағанымыз ауыл жастарының көзінде от, кеудесінде намыс бар. Барлығы да жұмыс

жасауға құлшыныстары мен жігерін танытып, ынталанып тұрған жігерлі жастар. Бұл сапарымыз ауыл жастарына серпін берді деген сенімдемін. Жастардың қолдаушысы ретінде мейілінше сөзбен демеп, мотивациялық демеу беруге барынша тырыстық. Орталық атынан жыл басындағы ауылдарға сапарымызды қолдаған барлық мекемелерге, басшыларға, азаматтар мен азаматшалаарға үлкен алғыс білдіреміз!», - дейді орталық басшысы Жангүл Ізгарина.

Р.С. АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН, ЯҒНИ НЕЕТ САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРМЕН ДЕ КЕЗДЕСІП, БАРЛЫҚ ҚР ЗАҢНАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРҒА БЕРІЛІП ЖАТҚАН МҮМКІНДІКТЕР, МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.

МЫНАУ ҒАЗИЗ ДҮНИЕ

ПРОЛОГ

Соңғы кездері Тынысбектің онша көңіл-күйі болмай жүр. Ештеңеге зауқы жоқ. Өзін арман жағалауынан бірте-бірте, ақырын-ақырын алыстап бара жатқандай сезінеді. Сонша аңсап келген Алматыдан да шаршай бастағанын іштей мойындайды. Иә, өмір деген қиын екен... Білмейтіні қандай көп?... Бүгін де аса талапшыл профессордың дәрісінде мойнын ішіне тығып алып, «сен тимесең, мен тимен, бадырақ көз» болып отыр. Қас қылғандай, профессор мұның фамилиясын атады. Тынысбек атып тұрды.

— Сенің фамилияң өте жақсы, Құрышбекұлы! Бірақ жинаған балың нәш-шәр! — деді ұстаз көзін тура қадап.

— Өзгелерге ұқсамас деп едім, таныс сұрлеуге түсіп алып, сен де тартып келесің. Байқа, сенімнен айырылған деген ең жаман нәрсе. Есіктен бір қыздың басы қылтиды. «Ағай, Құрышбекұлын бола ма екен? Бір минут» дей салып, жоқ болды.

— Болмайды! Бірақ профессор тез жібіді. «Барып кел, тез!» деді көзін бұдан аудармаған күйі. Тынысбек терлеп кетті. Ұстаздық ғұмырында профессордың студентті сыртқа жіберуі бірінші рет шығар. «Қартая бастады ма екен?» деп ойлады шығып бара жатып. Шығыстану факультетінде оқитын ауылдасы Қымбат екен, амандаса салып, «Ағылшын тілін үйрену курсы» деген кітапты ұсынды. Тынысбек жақында Қымбаттан анасына сәлем айтып жіберген-ді. Оқулықты қыса ұстап, орнын тапты. Профессордың көзінше парақтауға да жасқанып отыр. Ұстаз өзге студентке бұрыла қалғанда, кітаптың алғашқы парағын аударған. Анасының таныс жазуы көзіне оттай басылды. «Тыныстай, жақсы оқы. Жақсы жүр. 25.02.1995 ж.» деп қолын қойыпты. Тынысбектің көзіне жас үйірілді. «Жақсы оқимын, жақсы жүремін, апа» деді тістене күбірлеп.

1 ... Қаражар ауылы бізді жылап шығарып салды. Мен де жыладым, бірақ не үшін жылап тұрғанымды өзім түсінген жоқпын. Аудан орталығынан ұзап, биік таулар арасындағы бұлың-бұлың жолға түскенше апам басымнан иіскеп, егілді де отырды. Жүргізуші қарт кісі екен, апам әбден өз-өзіне келгенше ләм-мим деп тіл қатпады. Жаңа ауылға келіп кіргенде, қар қылаулап жауып тұрды. Тып-тыныш, үнсіз ғана. Қаражарда қар жауса, жел де үйткі соғатын-ды. Таңертең есік ашылмай қалатын, өкем үлкен терезенің көзін алып тастап, іште тұрып, есікті күрекпен аршитын. Кейін осы ауылдағы барлық үйдегідей біз де сыртқы есікті ішке қарай ашылатын етіп алғанбыз. Ал мына Жалтереке бәрі мамы-ражай. Қоныстанған үйіміздің баспалдағы биік екен. Білісбек пен Ырысбек қар күреп жүр, өздері мәз. Алдыңғы күні жаңа ауылға менен бұрын кеткен. Сол үшін де өкпелімін. Жаңа көршілермен танысып алған да шығар. Көліктен түсе салып:

— Артқы үйдің балаларымен таныстырады ма? — деп сұрадым. Екеуі де бас шайқады. «Әй-й!» дедім қомсынып. Үйге апам жылап кірді. Нағашы әкем мен дәу апам да дауыс салып қарсы алды. Орталарында отырған қарындасым

Жайнагүлдің беті де айғыз-айғыз. — Жә! — деді дәу апам. — Жаманшылық шақырма! Адасып келген жоқсың, балаларыңның, Құрышбегімнің атажұртына келдің. Босағадан «бісміллә» деп аттадың ба өзі? Дәу апамның қабағы жаман. Бәріміз қорқамыз. Өкемнің жеңгесі, біздің үлкен шешеміз. Тоғыз баламен жесір қалып, бәрін адам қатарына қосқаны жаңа. Дәу апамның бала ұрғанын көрген де, естіген де емеспін, бірақ бізге түнере қараған бір көзқарасы жетеді, дереу жым боламыз. Апам да тез тыйылды. Шөлпектен дәм татып, шай құйып, дереу шаруаға араласып кетті.

— Енді көз жасыңды балаларға көрсетпе! Түнде Қаражардан шыға бергенімізде көлік тайып кетіп, жол шетіндегі қарға тіреліп әрең қалдық. Құдай енді қасірет шектірмесін де. Мына пышақтан жаңа жазылған Жайнагүлдің періштесі қақты ма, әйтеуір бәріміз аманбыз... Жайнагүлдің жақында ғана аудан орталығы Бөгендегі ауруханадан шыққаны рас еді. Әй, несін айтасың, соңғы үш-ақ айда біз өмірді шын таныдық қой... Алдымен өкем ауырды. Мен ес білгелі ауырғанын көрген емес едім, бір-ақ аптаның ішінде түс көргендей болдық та қалдық. Көрші Серікқалидың үйінде әдеттегідей ойынның туын тігіп жатқанбыз. Сол үйдің Айна деген қызы жүгіріп келіп:

— Біліс, Тыныс! — деді әдетінше біздің «бегімізді» атамай. — Құрышбек аға ауырып қалыпты! Сөндерге апаң тез келсін деп жатыр. Жүгіріп жетсек, өкем бауырын жаза алмай, төрде жүресінен отыр екен. Өңі бозарып кетіпті. Апам артқы үйге қаладан келген туыстарының «Нива» көлігін дереу алдырды. Білісбек, өпкем Дариға, Жайнагүл бәріміз еңіреп жылап жүрміз. Өкем еңкендеген күйі мәшинеге өздері отырды. Қақпаның сыртына дейін еріп бардым. Артына әрең бұрылып:

— Жылама!.. — дегенді маған тістеніп өздері айтты. Апам да бірге кетті. Төрт бала тым-тырыс отырып қалдық. — Өткен жолғдай тағы да бауыры ұстап қалды ғой деймін. Қорықпаңдар, жазылады. — Дариға бірінші болып ес жиды. Ертеңіне апам Бөгеннен оралды. «Өкелеріңе операция жасап тастады. Халі жақсы. Бауыры екен десек, сол бауырдың астындағы соқырішек екен ғой» деді. Түстен кейін апам ауруханаға тағы кетті. Бірақ сол күні үйге келген жоқ. Ақбастаудан дәу апамның да келгенін естідік. Үшінші күні өкеме тағы бір операция жасалды. Бұл жолы Алматыдан арнайы келген дәрігер тексеріпті. Сарыағаш суы табылмай жатыр депті. Өкем өзі де осы суынды жәшігімен алдырып қоюшы еді, қажет кезде табылмай жатқанын қарашы... Бір апта өтті. Дариға мен Жайнагүлді апам Бөгенге алып кеткен. Үйде Білісбек екеуіміз ғанамыз. Ерте жатып қалдық. Түн ортасында есіктің тарсылынан оянып кеттік. Өкемнің Абдулла деген құрдасы мен сол кісінің Роза есімді әйелі екен. «Білісбек, Тынысбек, сендер көрші үйге барып ұйықтай беріңдер. Өкелерің жазылды. Оған біраз тыныштық керек. Таңертең келесіңдер ғой» деген. Артқы үйге барсақ, бізге тіпті төсек

те дайындап қойыпты, құлай кеттік. Таңертең тұрғанда... өкеміздің қайтыс болғанын бір-ақ естідік. Ырысбек нағашылардың ауылында еді, көшігіп жетті. Жерлейтін күні апам, бес бала — бәріміз барып, өкемізбен қоштастық. Күлімсіреп жатқан сияқты көрінді, құдды тірі адам сияқты. Бала екенбіз, жерлеуге қанша мәшине шыққанын санап, көліктердің бір ізбен шұбырғанын қызықтап отырдық. Өкемнің жетісін беріп жатқан күні Дариға өпкем ауырды. Оңкі де соқырішек болып шықты. Операция жасамай, таратып жіберетін дәрінің көмегімен емдеді дәрігерлер. Өкемнің қырқынан екі-үш күн өткенде бірінші сыныпта оқып жүрген Жайнагүл қатты құсып, ауырып қалды. Апам байғұс дереу Бөгенге алып жөнелді. Үйде үрпиісіп үш ұл қалдық. Дариға бұл кезде біз көшіп баратын Жалтереке ауылында, өкемнің бөлелерінің қолында оқып жүрген-ді. Жайнагүлдің бағы бар екен, дәл сол кезде ауданға Алматыдан балалар хирургы келе қалыпты да, операцияны сол кісі жасапты. Жайнагүлдің соқырішегі жарылып кетіпті деседі. Осы азаптың бәрі апама жеңіл болған жоқ. Өзі қатты азып кетті. Тым күйреуік болып алды. Жайнагүл ауруханадан шығып, сәл тынайғанын күттік те, Жалтерекеге көшіп кеттік. Дәу апамның «Құрышбегімнің атажұрты» деп отырғаны — Жалтереке емес, Ақбастау. Екі ауылдың арасы 9 шақырым ғана. Апамның айтуынша, Жалтереке де, Ақбастауда да біздің ағайындар бірқауым ел көрінеді. Соларды паналап жеткен бетіміз осы...

2

Елден, туыстардан айналайын! Бізді бірден бауырына басты. Бөлелер қойымызды бес-бестен бөліп алып, қыстатып берді, нағашылар көк сиырды, тағы біраз ұсақ малды төлдетіп бір-ақ қайтарды. Жалтеректің балалары да ойынпаз екен. Дереву достастып кеттік. Екінші тоқсанды төртеуіміз де өте жақсы аяқтадық. Жайнагүлдің денсаулығы жарамады, мектепке келесі жылы барып, бірінші сыныпты қайта оқитын болды. Менің сыныптастарым да — кіл мықтылар. Әсіресе, Жанар мен Гүлнара. Олардың сабақта қол көтермей отырғанын көрмеппін. Мен де қаражаю емес едім, дереу бөсекеге түстім де кеттім. Олар қол көтерсе, мен де көтеремін. Олар «бес» алса, мен де «бес» аламын. Олар ертеңгілікте ән шырқаса, мен де шырқаймын, өлең оқыса, мен де оқимын. Маған ағылшын тілі қиын тиді. Қаражардағы бірінші тоқсанда французшаға тілім тәп-тәуір сынып қалып еді. «Сетюн балле», «сетюн табле» деп доп пен үстелді нұсқап, «өң, дө, тғау, қятұғ, сең, сүйс, сет, уит...» деп оңға дейін судырата санауға машықтанып та алғанмын. Ағылшынша да қызық екен, нағыз «ит деп жазып, шошқа деп оқитының» өзі. Сонда да қыңбадым. Жанар мен Гүлнарадан қаламын ба, әріптерді тез жаттауға кірістім. «Ей, би, си, ди» дегенді алғашқы сабақта-ақ қатырдым, екінші сабақта — «тейбл», «болл», баяғы французшадағы үстел мен доптың баламасын қиналмай таптым.

Осы жігеріммен Нұржамал апайды онша ренжітпедім, сірә, ағылшын тілі пәнінде ұстаз қиын тапсырмаларды маған да жүктей беретін болды. «Бес» алып келген сайын апам қуанады. Менің де төбем көкке жетеді. Үнемі мұңданып, қабағынан күн әредікте ғана бір жарқ етіп қалатын апамның қуанғанын көру үшін «бес» аламын. Оның үстіне, менен бір сынып жоғары оқитын Ырысбектен де қалмауым керек. Ырысбек бір «бестік» алса, мен екеу алуға тиіспін, ол екі «бестік» арқалап келсе, менің күнделігімде үшеуі тұруға тиіс. «Төрттік», «үштік», «екілік» жайлы әңгіме болуы мүмкін емес. Апамның інісі Әуелхан нағашым да келген сайын күнделігімізді тексереді. Ырысбек екеуіміздің тізілген «бестіктерімізді» көріп, сенбеген сыңай танытады. «Қайсы, өзім тексеріп көрейін» деп әрнені сұрайды. Біз мүдірмейміз. «Қайсымыз бұрын айтар екенбіз?» деп жарысамыз келіп. Бір күні Ырысбек «Әдебиеттен» «екі» алып келді. Жаттауға берілген өлеңді бір-екі оқып-ақ қағып алғанын түнде көргем. Сөйтсем, мәселе басқада екен. Мұғалімдердің қол көтермей отыратын балалардан сабақты бірінші сұрайтын әдеті. Сол салттан жазбай, төмен қарап, тымпиып отырғандардан сұрай бастағанда, Ырысбек бәріне көмектесіп, тынышталмай қойған. Мұғалімнің бір-екі ескертуіне де құлақ аспаған. Ақыры болмағасын, Гүлнар апай семіз «екіні» күнделігіне қонжытып тастапты. Ырысбек үйге көңілсіз оралды. Елтеп көңілі босаған ба деймін, көзінің айналасы қызырыңқы. Қас қылғандай, Әуелхан ағам да ауылынан келе қалған еді. Әдетіне бағып, күнделігімізді сұрады. Әншейінде менен бұрын жұпынып жетіп баратын Ырысбек біреу желкелегендей, күнделігін өздері ұсынды. — Көне, кімнің қанша «урасы» бар? — деп сұрап алды Әуелхан ағам. — Менде «ура» мүлде жоқ, болмайды да! — Өзімше масаттанып тұрмын. Әуелхан ағам күнделігімізді қарағанда, «бестіктерімізді» үнемі «О-о!» деп даусын соза санамалап өтетін. «Екіге» жолықсам, «Ура-а!» деп айқайлаймын» деп ескертіп қоятын. Сұрап тұрғаны — сол. Менің күнделігімдегі бестіктерді санап-санап, басымнан бір сипады. «Жарайды қара бала!» дегенді қосып қойды. Апам жаққа ұрлана қараймын. Апам ырзашылықпен күліп тұр. Ырысбектің күнделігінің бүгінгі бетіне келгенде, Әуелхан ағам бір қап алтының үстінен түскендей орнынан ыршып түрегеліп: — Ур-ра! — деп айқай салды. Ырысбек жылап жіберді. Апам да хабарсыз екен, күнделікке үніле қалғанда, жүзі тұнжырап кетті. Менің Құдайым беріп-ақ қалғаны. Ырысбек мұрнының астынан міңгірлеп, «екіні» неге алғанын айтып біткенше, перденің артынан сығалап тұрып, екі-үш рет «уралап» қоя бердім. Ырысбек ызаға булықты. Өзінің жылап тұрғанын ұмытып кетіп, көзімнен жұдырықпен салып қалды. Енді аялдасам, есем кетеді, бойымның шартықтығына қарамай, Ырысбекті аяқтан ала түстім.

(Жалғасы келесі санда)

АҚПАҢ ЖАҚСЫ БОЛСА - ҚҰТ!



Қазақтың ескі күнтізбесінде ай және амал деген екі ұғым болған. Ай дегеніміз — кәдімгі ай атауы. Ал амал дегеніміз — жылдың белгілі бір мезгілінде үнемі қайталанып отыратын табиғи, ауа райы құбылыстары. Амалдар бірнеше күннен бірер жетіге дейін созылуы мүмкін. Тілімізде "ақпан-тоқпан" деген тіркес жиі айтылады немесе "екі ағайынды ай" деп атайды. Мысалы: Ақпан-тоқпан, Ай мүйізді алты ай, Сұрап алған жеті күн, Қырына алса, қырық күн. — деген өлең жолдарында кездеседі. Ақпан — амал болса ше... Егер ақпанды ай аты емес, амал деп алсақ, онда ақпанда болатын құбылыстар қазіргі уақытқа тән екені байқалады. Ақпан айы кей жылдары ақырып келеді. "Ат құлағы көрінбейтін борандар" осы айда күш алады. Үт айындағы ауа райын түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз деп те атайды. Яғни күннің көзі шуақталып, ашық күндері түс қайта жіпсіленденіп тұратын жайын суреттегені. Бұған қоса табиғат құбылыстары мен ауа райын бақылауда халықтың өзіндік тәжірибелері мен болжамдарынан терминдері мен орнымен ай-

тылған қағидалары да назар аударарлық іс. Мысалы, жаз айларында айтылатын сөздер мен сөз тіркестері: жаймашу-ақ, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей, ми қайната-тын ыстық. Көктем айларында айтылатын сөздер мен сөз тіркестері: шуақ, май тоңғысыз, шыбынсыз жаз. Қыс айларында үскірік, бет қаратпас аяз, "тіфу" десе түкірік жерге түспес суық сөздері айтылады. Қыстың боранды күндері ақ түтек, ат құлағы көрінбейтін боран, сырғыма, жаяу борасын, бұрқасын дауылды сөздерді танытады. Күздегі суық "қара суық" жазғытұрғы желді "самал жел", көктемгі жылы желді "алтын күрек", күн шығып тұрған кездегі сіркіреген жауынды "соқыр жаңбыр", жаумайтын бултты "қысыр булт", наурыз айындағы ұзарған күнді "ұзынсары" деп айтатын халықтың әдемі теңелуері де бар. Малшыларға уайым — Ақ бораны үдейтін. Қыстың соңғы бұл айын Бұрынғылар "үт" дейтін. Қалың қары ақпанның Сіреу болып қатады. "Ақпанда күн ат адым Ұзарады", — деп жатады. Көктем иісі, лебі бар, Желі соғып тұрғаны-ай! — деген өлең жолдары осы мезгілдің дәл суреті.

АУРУ ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ!

Балалар арасындағы асқазан-ішек аурулары медицинамыз ғана емес, бүкіл қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі. Онымен күресті тек қана дәрігерлер емес, ата-аналар да бірлесіп жүргізу қажет. Кез-келген ата-ананың міндеті - балаларды дұрыс тамақтана білуге дағдыландыру. Қазіргі кездегі кішкентай баланың сүйікті асы - қытырлақ картоп, кепкен нан, тәтті газдалған сусындар. Ал ұзақ сақталатын, әрі сырттан алынған ондай тағамдар адам денсаулығына өте зиян. Бұл енді ғана қалыптасып келе жатқан, күн сайын өсіп-жетілетін жас ағзаға кері әсерін тигізеді.

Балалар арасында асқазан-ішек ауруларының, өт жолының дискенезиясы, гастрит, эндокриндік аурулар, арасында семіздік жиі кездесетіні алаңдатады. Оның басты себебі - балалардың дұрыс тамақтанбауы, жылдам өзірленетін өнімдерді, газды,

энергетикалық сусындарды көп ішіп-жеуден, дене қозғалысының аздығынан деп айтуға болады. Осыған орай, жыл сайын мектептерде, бала-бақшаларда аталған ауруларға әкелетін себептердің алдын-алу мақсатында балалар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, арнайы семинарлар ұйымдастырылып тұрады. Балалар арасындағы асқазан-ішек ауруларының алдын-алу жолдары: - Дұрыс тамақтану режимін сақтау; - Дене салмағын бақылау; - Стрестік жағдайлардан аулақ болу; - Фасфуд тағамдарын пайдалануды шектеу; - газдалған, тәтті,энергетикалық сусындарды ішпеу; - спортпен шұғылдану; Жоғарыда аталған жалпыға мәлім қарапайым ережелерді сақтай отырып, балалар арасында кездесетін асқазан-ішек ауруларының алдын-алуға болатынын естен шығармаңыз.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

«СЕЗІМНІҢ СЫРЛЫ ӨУЕНІ» ШЕРТІЛДІ

ЖУЫРДА «СЕЗІМНІҢ СЫРЛЫ ӨУЕНІ» ДЕГЕН АТАУМЕН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ КОНЦЕРТІ ӨТТІ. ӨНІ МЕН ӨУЕНІ, ЖЫРЫ МЕН ТЕРМЕСІ ҮЙЛЕСКЕН ЖАСТАР САФ ӨНЕРДІ АҢСАҒАН КӨРЕРМЕНДЕРГЕ НАҒЫЗ РУХАНИ НӨР СЫЙЛАДЫ.



Кештің шымылдығы Бұлбұл Шәутинованың «Жаным қалайды» әнімен ашылды. Иә, жастар қай заман да болмасын елдің ертеңі саналады. Ал, аталмыш кеште сегіз қырлы бір сырлы, ауданның жалындаған жастарының өнеріне толы болды. Әрі қарай концертте ауданымызға танымал Рашид Есенбекұлы, Теңел Омаров, Асылхан Өтепов, Інжу Досбаева, Асыл Досбаева, Аймекен Өндірова, Манаргүл Досбаева,

Аққу Жаңабаева, Нұртілек Маратұлы, Қанжар Тарғынов, Салтанат Өмірбек сынды өнерлі жастар халық арасында кеңінен тараған әндерді орындады. Сондай-ақ, «Хамитовтар», «Сағыновтар» отбасының ғашықтар, пәк сезім туралы әндері кештің мәнін арттырып, ажарын айшықтай түсті. Талай ақын жырына қосып, талай сазгер өуен жазған шынайы махаббат жырларының қай қоғамда болмасын тыңдаушысы

бары айқын. Назира Жұмабаева мен шәкірті Сағындықтың бірлесе орындауындағы «Ерке сылқым», «Адай» күй тартыстары, мың бұрала билеген «Өсем» биші қыздарының замануи стильдегі биі, басқа да жеке орындаудағы әсем әндер көпшілік көрерменнің көңілінен шығып жатты. Әрбір өнге зор қошеметін аямаған жиылған жұрт әдемі кештен тамаша көңіл күйге бөленіп тарқасты. **Г.АБАЙҚЫЗЫ.**

ӨҢІРЛІК КЕҢЕСТЕР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖЕТКІЗУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ



«Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нақыпбеков Ақтөбе облысына жұмыс сапарымен келді. Басқарма мүшесі Өңірлік кеңес мүшелерімен кездесіп, өңір кәсіпкерлерінің өзекті мәселелерін талқылады. Кездесуде теміржол вагондарының тапшылығы, Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тарту және қаржыландыруға квота беруге байланысты түткілді мәселелер көтерілді. «Әлия Жолдары» ЖШС директоры Жұмабек Қоқанов вагон тапшылығын көп жыл бойы айтып келеді. Шағымдар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не қатысты. Өйткені жүк тасымалдау бойынша кесте барлық өңірде бұзылып жатыр. «Теміржол вагондарының тапшылығы және олардың тоқтап қалуы мәселесі ҰҚП-ның тұрақты бақылауында. Мәселені шешу жолдары түрлі деңгейде айтылғанына бірнеше жыл болды. Белгілі бір қозғалыс бар және түзетулер енгізілуде. Сонымен қатар бірқатар шешілмеген сұрақ қалып отыр», – деп жауап берді Тимур Нақыпбеков. Өз кезегінде «Зәру» шаруа қожалығының басшысы Бану Тілегенова ауыл шаруашылығы саласының бизнес өкілдері жұмыс күшінің тапшылығын сезініп отырғанын атап өтті.

«Квота ішкі еңбек нарығын біліктілігі жоқ шетелдік жұмыс күшінен қорғайтынын және оны қазақстандық кадрларды көбірек жұмысқа алу үшін енгізгенін түсінеміз. Бірақ біз басқа елден жұмысшыларды тартуға мәжбүрміз. Біріншіден, жергілікті тұрғындар бізге нақты еңбекақымен де барғысы келмейді, екіншіден, квоталар жеткілісіз. Олар біз сұрағандай көлемде бермейді немесе мүлдем бас тартады», – деп кәсіпкер бұл мәселеде көмек сұрады. «Құрылыс саласында бұл мәселе тіптен өзекті. Біз экономиканы дамыту керек екенін түсінеміз, ал жұмысшылар жоқ. Бұл күншік мәселе емес. Қазір үкіметте квота бөлу бөлігінде көші-қон саясаты мәселесі талқыланып жатыр», – деп атап өтті Тимур Нақыпбеков. «Қазіргі кезде қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүргізу қажеттілігін ескере отырып, сауда саласындағы кәсіпорындар эквайрингтік қызметтер бойынша жоғары тарифтер проблемасына тап болып отыр. Бұл ретте осы тарифтерге Visa және MasterCard карталары арқылы қызмет көрсету тарифтері де енгізілген. Оларды пайдаланғаны үшін халықаралық төлем жүйелеріне қаражат төленеді. Осыған байланысты қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың ішкі жүйі-

есін құру мәселесін пысықтау мүмкіндігін қарастыру қажет. Сонымен қатар, бүгінгі таңда тауарларды онлайн сатып алу мүмкіндігін ұсынатын танымал электрон дүкендер ешқандай бақылаусыз жұмыс істейді. Олар контрафактілік немесе контрабандалық болуы мүмкін өнімдерді сатуға мүмкіндік береді. Осылайша ұсынылатын тауарлардың бағасы ресми дилерлер арқылы сатылатын бағадан едәуір төмен, бұл өз кезегінде кәсіпін адал жүргізетін кәсіпкерлерге кері әсерін тигізеді», – For Trade ЖШС құрылтайшысы Сергей Трубин. Тимур Нақыпбековтың пікірінше, бұл мәселені жүйелеу, өңірлерде талқылау, барлық сандарды таңдау және кейіннен ведомствоаралық комиссияның қарауына шығару қажет. Айта кетейік, кездесуде «Атамекен» ҰҚП басқарма мүшесі қатысушылардың көтерген барлық мәселе бойынша олардың әрқайсысына түсініктеме беріп, алдағы уақытта қандай қадамдар мен шаралар қабылданатынын айтып берді. «ҰҚП өткен жылы барлық өңір бойынша құрылған салалық кеңестердің рөлін қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Кеңестер «Атамекен» алаңы арқылы мемлекеттік органдар мен бизнестің өзара іс-қимылының тиімді ресурстары ретінде көрсетті. Барлық өңір бойынша қатысушылар саны 5 мың кәсіпкерге жеткізілді. Биыл Парламентпен өзара іс-қимылды күшейту бағытындағы жұмыс істеп тұрған өңірлік кеңестердің қызмет ету мерзімі аяқталады және қайта сайлау әр өңірде өтетін болады. Біз салалық кеңестер, қауымдастықтардың белсенді мүшелерінің есебінен нығайтуды, өңірлік кеңес мүшелерінің санын үш жүзге дейін кеңейтуді мақсат етіп қойдық.

МЕМОРАНДУМ - АҒАТ БАСҚАҒАНДАРДЫ ОРТАҒА ТARTY АМАЛЫ

Өткен дүйсенбі күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы және Ойыл аудандық пробация қызметі биылғы жылдың басында екі жақты меморандумға сәйкес, Пробация есебінде тұрған азаматтармен кездесу өткізді. Кездесуге аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов, аудандық пробация қызметінің инспекторы, әділет аға лейтенанты Тимур Абытаев және аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізгарина қатысты. Кездесудің мақсаты қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерімен аудандық кездесулер өткізе отырып, пробациялық есепте тұрған азаматтарды оңалту және бейімдеу жөніндегі шараларды жетілдіру. Кездесу барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Берниязұлы құқық бұзушылықты болдырмау, тәртіпті сақтау туралы жастарға ақыл кеңесін айтса, Нұрлан Аманұлы есепте тұрған жастарға заң шеңберінде түсінік берді. Ал, аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізгарина мемлекеттік бағдарламалар, «Ауыл аманаты» бағдарламалары жөнінде түсінік берді. Жастарға қатысты бірқатар мәселелер көтеріліп, өз деңгейін де талқыланды.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕТЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ
БЫЛТЫР 19-21 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛАҒЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКЕН БОЛАТЫН. ОЛИМПИАДАҒА 13 ПӘН БОЙЫНША 19 МЕКТЕПТЕН 208 ОҚУШЫ БІЛІМДЕРІН СЫНҒА САЛЫП, 67-І ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРДАН КӨРІНДІ. АЛ, АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢНЕН СҮРІНБЕЙ ӨТКЕН 22 ОҚУШЫ ОЛИМПИАДАНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛДАМА АЛЫП, НӘТИЖЕСІНДЕ 7 ОҚУШЫ ЖҮЛДЕЛІ ІІ,ІІІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ.



Ж.Жүсімалиев атындағы қазақ орта мектебінде олимпиаданың жеңімпаздарын марапаттау жиыны өтті. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов жүлдегерлермен ұстаздарын марапаттап, оқушылардың аудан абыройын асқақтатып, республикалық сайыстан олжалы оралуы білім нәрімен сусындатқан ұстаздарының елеулі еңбегі екендігін атап өтіп, балалардың алдағы уақытта да оқуда озат болуына тілектестіктерін білдірді. Атап айтар болсақ, Соркөл орта мектебінің 11 сынып оқушысы Назерке Дүйсенова химия пәні бойынша жүлделі ІІ орын, Ш.Берсиев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Қарақат Рахметоллақызы биология пәні бойынша ІІ орын, сонымен қатар Қарақат тұңғыш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың республикалық кезеңінде жүлделі ІІІ орынға ие болды. Ш.Берсиев атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Рустам Бақсықов информатика пәні бойынша ІІ орын, Ш.Берсиев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Жарқын Амантай химия пәні бойынша ІІІ орын, Ж.Жүсімалиев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Гаухар Абатқызы биология пәні бойынша ІІІ орын, 10 сынып

оқушысы Айнура Оразалиева биология пәні бойынша ІІІ орын, 9 сынып оқушысы Динара Бақыбаева биология пәні бойынша ІІІ орын. Олимпиаданың облыстық кезеңіне оқушылар дайындап, дарынды шәкірттердің зияткерлік қабілеттерін шыңдап, оқушыларының білімдерін жоғары деңгейде көрсетуіне қосқан үлесі үшін ұстаздары аудан әкімінің Алғыс хаты мен 200 мың ақшалай сертификат және аудандық кәсіподақ ұйымы атынан шипажайға жолдама табысталса, жүлдегерлердің ата-аналарына аудан әкімінің Алғыс хаты табыс етілді. Жиында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жүлделі І, ІІ, ІІІ орын алған жеңімпаздарға диплом мен медальдар, облыстық кезеңіне қатысқаны үшін сертификаттар табысталды. Сондай-ақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде оқушыларының көрсеткен үздік нәтижелері үшін «Үздік олимпиадалық команда» аталымымен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы І орын, Ш.Берсиев атындағы орта мектебі ІІ орын, Ж.Жүсімалиев атындағы қазақ орта мектебі ІІІ орынды иеленді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

